

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 6, Number 316 (2017), 267 – 276

**R. Shoibekov<sup>1</sup>, T.E. Kartaeva<sup>2</sup>**<sup>1</sup>Central State Museum of the Republic of Kazakhstan;<sup>2</sup>al-Farabi Kazakh National University, Almaty.[kartaeva07@mail.ru](mailto:kartaeva07@mail.ru)**ATTRIBUTION OF KIMESHOK**

**Abstract.** Kimeshek is a Kazakh female headdress, formed in a nomadic environment that meets to the environmental requirements. The formation of kimeshek was influenced by the environmental conditions, and secondly, the traditions of the nomadic society, which are bound by moral and ethical norms relating to women. The kimeshek is a unique type of headgear, protected from the effects of hot summers, from the cold of a harsh winter, from dust caused by a strong wind. Features and uniqueness kimeshek, is that it covers the surface of the human body, from the trunk to the head, while the shape of the face remains open. The article covers cutting, sewing, regional peculiarities and the importance of needs by age categories. Sources of this problem are materials from the museum's funds and data from historical photo documents.

**Key words.** Kazakh woman, headdress, kimeshek, cloth, tesma, decoration.

УДК 39.391.2

**Р. Шойбеков<sup>1</sup>, Т. Картаева<sup>2</sup>**<sup>1</sup>ҚР Мемлекеттік Орталық Музейі. Алматы қ.;<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.**КИМЕШЕК АТРИБУЦИЯСЫ**

**Аннотация.** Кимешек – көшпелі ортада қалыптасқан, экологиялық талаптарға толықтай жауап беретін қазақ әйелдерінің бас киімі. Кимешектің қалыптасуына, біріншіден, экологиялық жағдай әсер етсе, екіншіден көшпелі қоғамның салт-дәстүрі, әйел адамға деген моральдық-этикалық нормалардың талаптарының әсері болған. Кимешекті жаздың аптап ыстығы мен қыстың қатты суығынан, қатты жел мен шаң-тозаңның әсерлерінен қорғануда пайда болған бас киімнің бірегей түрі деуге болады. Кимешектің негізгі бірегейлік ерекшелігі, адамның бетінің формасы ойылып қалдырылып, қалғаны түгелдей тігіліп, басты ғана емес, адамның денесін белуарына дейін түгелдей жауып тұратындығында. Мақалада кимешектің пішілуі, тігілуі, аймақтық ерекшеліктері және әйелдердің жас ерекшелігіне қарай қолданыстық мәні қарастырылады. Музей қорларындағы кимешектер мен тарихи фотоқұжаттардағы кимешектер мақаланың деректік материалдарын құрайды.

**Тірек сөздер:** қазақ әйелі, бас киім, кимешек, мата, кесте, зер таспа, әшекейлер.

**Кіріспе.** Кимешек қазақ әйелдерінің жас ерекшелігіне қарай, яғни тұрмыс құрған әйелдердің, ұлттық дәстүрлі бас киімі. Кимешек басқа көптеген бас киімнің түрлерінен ерекшеленеді. Кимешек – дәстүрлі шаруашылық пен экологиялық жағдайға орай қалыптасқан. Қазақстан жері күрт континенталдық климаттық белдеуге жатады. Сонымен қатар, Еуропамен салыстырғанда атмосфералық шаңының көптігімен ерекшеленетіні белгілі, оның себебі, топырақтың негізгі құрамы лесстардан тұратындығында және аңзақ қатты соғатын желдермен байланысты. Кимешек осы экологиялық жағдайға толық жауап беретін бас киім. Кимешек ғасырлар бойына ұрпақтан ұрпаққа ауысып, сақталып жеткен, қазіргі кезде де қолданыстық мәні бар бас киім. Кимешектің әсем, сәнді жасалған озық үлгілерінің бұл күнде сақталған орны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық Музейі қоры (бұдан әрі ҚРМММ).

Кимешектің формасының қалыптасуына көшпелі өмір салты, әсіресе көп уақыт салт атты жүрудің әсері айқындаушы фактор себеп болған сияқты. Көші-қонмен жүрген қазақ әйелдеріне,

жел өтінде, қобырап кетпейтін, әр уақыт қайтадан байлап-оралмайтын (басқа киіле салатын) жинақы да шымыр бас киім түрінің қажеттілігі кимешек пошымның қалыптасуына себеп болды деуге болады.

**Мәселенің әдістемесі.** Мақалада көтеріліп отырған «кимешек» тақырыбына негізінен музей қорлары материалдары мәселеге архив құжаттары мен зерттеулерге, сол уақытта жарияланған бұқаралық-ақпараттық құрал деректеріне ғылыми сараптау, тарихи-аналитикалық талдау жасау, автордың өз көзқарастарын беру әдістері қолданылды. Мәселеге өзек болған деректі фотоқұжатпен айғақтау, мәселенің мән-жайы мен шынайылығын аша түседі [4, 47, 78-79 бб.; 5; 16]. Ғылыми материалдарды далалық этнографиялық материалдармен байланыстыра қарастыру мәселенің қолданыстық мәнін аша түседі.

**Кимешектің пішілуі мен тігілуі.** Кимешектің басқа оралатын жаулық шылауыштардан негізгі айырмашылығы – тігіліп істелетіндігінде. Архетипі, шаршы матаны диагонали бойымен екі бүктеп тігіп, беттің орнын ойып шығарылған «*капюшон*» тәрізді жасалған болуы керек. Кимешектің пошым уақыт өте келе күрделеніп, пішімімен, әшекейленуімен айқындалатын түрлі аймаққа, руларға тән өзгешіліктері қалыптасты.

Кимешектің кеуде, иық, жонды жауып тұратын тұйық, ал адамның бет-әлпеті шығып тұратын жері «*ойық*» болады. Кимешекті басқа сәйкестендіре пішіп, тігеді. Оның иекті айнала маңдайды жауып тұратын екі жағын «*шықиыт*», алдыңғы, яғни, өңірге түсіп тұрған бөлігін «*жақ*», ал адамның белінен төмен, шашты жауып тұратын ұзын ұшы бар бөлігін «*құйрықша*» деп атайды.

Кимешектің адамның басы шығып тұрған ойық тұсының екі жағы, кеудеге келер тұсы «*қол кестемен*» кестеленіп әшекейленеді немесе *зер* жіптермен бастырылып, сырыла тігіледі. Ойықтың жиегін өңді жіппен «*шалыт*» тігеді. Мұны «*алқым шалу*» деп атайды. Алқым шалудан кейінгі жадағай тігісті «*су*» деп атайды. Судан кейін «*қиықшалат*» тігеді. Қиықшадан кейін су «*жүргізіп*», «*құман бау*» деп аталатын әшекей тігіспен тігеді. Құман баудан соң «*күрең кесте*» деп аталатын ою-өрнек салынып тігіледі. Күрең кестеден кейін «*сағат бау*» тігісі жүріледі. Кимешек атрибуциясын ашу, экспедиция материалдарын ғылыми өңдеу, сондай-ақ кимешек пішімінің ерекшелігін анықтау үшін фотофиксация жасағанда адамның басына киілген формасын алды, арты және қырынан, ал музей қорлары коллекциядағы кимешектер тек алдынан, бүктелмей жазып түсіріледі [13, с.99].

**Кимешектің аймақтық ерекшеліктері.** Қазақ әйелдерінің кимешек киюі және оның сыртынан шылауыш тартуы әр өңірде әртүрлі.



Сурет 1 - Орама кимешек киген келіншектер. Қызылқұм қазақтары. ҚР MOM қоры


Кимешектің кең тараған, әрі көне түрі – *орама кимешек*. Ол үшін тұтас матаның төменгі бұрышы дөңгеленіп кесіледі де, жоғарғы бұрышы әйелдің бет-пішініне орай ойылып тасталады. Төбе жағына кейде тігіс түсуі де мүмкін. Қазақстанның көп жерінде бұл кимешек трапециялық,

төбесі шолақ үшбұрыш түрінде пішіліп, жоғарғы жағы бетке киілетіндей етіп ойылады. Кимешектің артқы ұшы ұзын келіп, кейде өкшеге жететін. Ұзындығы орташа болып, алдыңғы бұрышы қиылған төрткүл келетін де түрлері бар (Сурет 1-2).

Орама кимешек Солтүстік Қазақстанда, Ақмоланың батысында және Оңтүстік пен Сыр бойында кең таралған.



Сурет 2 - а) Орама кимешек. Н. Г. Хлудов. ҚР МОМ қорынан КП (3655); ә) Орама кимешек. ҚРМОМ. ФКП




Сурет 3 - а-ә) Үкі қадалған кимешекті әйелдер. Сыр өңірі. Қазалы. XIX ғ-дың соңы

Кимешектің кең тараған тағы бір түрі – *бүрмелі кимешек*, оның өзінің екі түрлі формасы бар. Бір түрінің бет жағы шаршы келіп, төменгі ұзын ұшы омырауға түсіп, төбесі жинақтала келе түйіліп, кейде оның үстіне бөрікше киіледі. Екінші түрінде матаны ұзыннан екіге бүктеп жартылай кесіп, оны қайта жалғай тігіп, тігісін арқасының тұсына келтіреді. Оның алдыңғы жағы тура бұрышталып пішілген; төменгі ұзын жағы кеудеге түсіп, ал жоғары жағы бүктеліп, бетті екі жағынан қоршап тұру үшін басқа байлап бекітіліп қоятын болған, кейде арқа бөлігінің жоғарғы бұрышына төбешік бас киім бекітіп тігілген. Бүрмелі кимешектің ең кең таралған жері – Сыр өңірі [3; 15, с.216-225].

Сыр өңірінде ертеде кимешекке *үкі қадау* дәстүрі кездескен. Қыздар үкіні бас киімнің (тақия, бөрік, сәукеле) бір шоқ етіп қадаса, Сыр әйелдері кимешектің маңдайына екі шоқ үкі қадаған. Үкі түбі зер таспамен бастырылған. Отбасылық татулыққа меңзелген бұл ырым немесе кимешекке үкі қадау дәстүрі кейін келе жойылып кеткен. Ұсынылып отырған 2-3 суреттердегі мәлімет үкілі кимешектің XX ғасырдың басында қолданыста әлі болғанын көрсетеді [АЭМ; 10; Сурет 3].

Кимешектің омырауына емес, төбе бөлігіне айнала *зер бастыру* осы өңірде және қазақ жерінің батысында жиі кездесті (Сурет 4).



а



б



Сурет 4 - а-д) Зер таспалы кимешекті әйелдер, а-б - [10-11]; д - ҚРММ қоры (ФКП22)

Кимешектің тағы бір түрін ұзындығы енінен екі есе ұзын матаның ұзын жағына екі шетінен бүктеп екі жағынан тігетін болған. Екі қабат матадан тұратын шаршының бір жағы кимешектің алдыңғы бөлігі, екінші ұшы артқы жағына түскен. Оның тігілмеген төменгі бөлігін кесіп, жарты шеңберлік түрге келтірген, ал жоғарғы бөлігінен бетке орын ашқан. Төбеге келетін бұрышты аздап кесіп соған қайтадан тігіп бекіткен құраған. Кимешек төбесінен, жоғарғы бөлігінен «күндік» қызметін атқаратын жаулық оралған. Күндік бөлігінің қызметі басты қыста суықтан қорғау, жазда ыстықты өткізбеу болып саналады. Бұл қыста суық, жазды аптап ыстықтан қорғаған. Кимешектің сыртынан тартатын жаулық *шылауыш*, *шаршы* деп аталған.

Солтүстік Батыс Қазақстанда (Орал және Торғай облыстары) төменгі жаулық үшбұрыштан бүктетіліп, шаршы матадан ғана тұрған. Оны басына тартып, шеттерін кеуде тұстан айқастырған, не желке жағына жіберген. Қазақстанның басқа аймақтарында төменгі баскиім ретінде бет шығатындай алды ашық, иық, кеудені бірдей жауып, арт жағы үшбұрыштанып арқаны жауып, төмен қарай құйрығы жіңішкеленіп кететін кимешек киген [2; 15].

Кимешектің қазақ рулары мен тайпаларының өзгеше болуына байланысты, әртүрлі үлгілері болады. Кимешектің Қазақстанда *бұрама жаулық*, *иекие* атаулары кездеседі [3; 15, с.216-225].

Кимешектің *екінші бір түрі* матаның тұтас кесегінен пішіліп, бір жақ қырынан келетін жағынан бас сұғатын орын қалдырылып, бір-ақ тігіспен тігілетін болған. Бұл Омбы, Атбасарда, Әулиеата өңірінің теріскейінде және оңтүстіктегі қоңыраттарда сақталған. Қоңырат кимешектерінің төбесі толық тігілмей, алдынан тік бұрышты мата тіккен, ол баскиімді үстінен жауып

тұратын бір ерекше деталі болған. Осы варианттың тағы бір түрі Сыр өңірі қазақтарында да кездеседі. Ұзындығы енінен екі есе ұзын матаның ұзын жағына екі шетінен бүктеп, екі жағынан тігетін болған. Екі қабат матадан тұратын шаршының бір жағы кимешектің алдыңғы бөлігі, екінші ұшы артқы жағына түскен. Оның тігілмеген төменгі бөлігін кесіп, жарты шеңберлік түрге келтірген, ал жоғарғы бөлігінен бетке орын ашқан. Төбеге келетін бұрышты аздап кесіп, соған қайтадан тігіп бекіткен, кішкентай жамау – *төбені* құраған.

Солтүстік және Орталық Қазақстанда кимешектердің алдыңғы жағы трапеция немесе үшкірленіп пішіліп, жоғарғы бөлігінде бетке орын қалдырылған; арқа жағы дұрыс ромба түрінде келеді де, құйрығы тізеге тіпті өкшеге дейін түсетін болған.

Матаны үнемдеу үшін, әдетте, кимешектің негізгі бөлігін пішуден қалған екі үшбұрышты кесекті төменгі, үшкірбұрышты «*құйрықты*» пішуге пайдаланған. Бұл пошымға сол жақта тараған кеуде мен арқаның екі бірдей ұзынша бөліктерін біріктіріп тігетін вариант жақын.

Әр тайпа мен рудың кимешектерінің пішімінде, түрінде және сырт көрінісінде өзіне тән ерекшеліктері болған. Найман руының қызай елінің кимешектері жағына және кеудесіне жарқыраған күрделі кесте тігетіндіктерімен даңқы шыққан, оларға әшекейлер қадалмаған, тек реті келсе күміс құймалар таққан. Ал, Солтүстік және Орталық Қазақстан өңірлерінде кестеге онша көп мән берілмеген, бірақ моншақ, маржан, күмістен, түрлі тастардан жасалған тағымдар қадаған. Оңтүстік Қазақстан мен Маңғыстауда кестелеумен қатар, түстері ашық маталармен, тоқыма ызбалармен шеттіктеген. Жиын-тойларға киіп баратын Кимешектердің тігісін бойлай күміс тағымдар қадап, кеудесі мен жауырын бөліктерінің төменгі жақтарына шашақтар тіккен.

Жас әйелдер жаулығына қатты каркасты қолданудың іздері бұрынғы Ақмола облысындағы қазақтарда да байқалады, бірақ олардың пошымы басқаша, қарапайымдау болған: бастарына матаны жиырып бүктеп, алдына қағаз салатын болған «*тік тұру үшін*» цилиндрге ұқсас негіз жасаған, оған матаны ораған кезде алды жағы тік бүктеліп, күрделі түйінді жақтаудың шеттері салбырап тұратын болған. Жаулықты түйрегіш көмегімен мықтылап бекітіп киген. Сондықтан ол шешкен кезде бөрік сияқты бастапқы тұтастығын сақтады.

XIX ғ.-дың аяғында ешқандай каркастыз жаулықтар кию басым түсіп жатады, оларды киген сайын көлденең қатармен орап отырған. Ең қарапайым түрі Шығыс Қазақстанда, Лепсі уезінде, квадрат матаны екіге бүктеп, қиғаштап қайырған соң басты айналдыра бір орап, арт жағынан қобыратып түйген, түйін көбінесе орамал астына таңылған, орамалдың төменгі бос бұрышы арқаға түсіп тұрған. Мата кесігінің көлемі онша үлкен болмаған. Бұндай пошымға жоғарыда айтылған матадан пішілген ұштары ұзындау үшбұрыш пайдаланған. Шығыс Қазақстандағы кимешектердің құйрық бөлігі қысқалау, алдыңғы жағы жоғарғы бұрыштары қиғаш келген төртбұрыш секілді болған, оның екі жағына квадратқа жақын түрдегі жақтаулар бекітіліп тігілген.

Оңтүстік Қазақстанда басқа пошым жиірек шаршы матаны тұтас бүктеп, басты екі айналдыра орап, екінші орамда алдыңғы жақта қиғаш қиыстырып әкеткен. Желке жаққа апарып шеттерін байлаған, олар арқаны жауып, кейде белге дейін түсетін болған. Жас келіншектер шеттерін шашақпен тігетін болған. Кейде арқа жаққа бір ұшын ғана жіберіп, екіншісін орам арқылы өткізгенде, ол сол жақ құлақтың артында салпаңдап тұратын болған [3; 15, с.216-225].

Көп тараған пошым түрі «*мұнара тектес*» болған. Ол үшін бүкіл мата біртіндеп басқа оралып, ұштары орам арасына кіргізіледі немесе желке жақтан түйіледі. Бұндай пошымды жаулықтарды Жетісудан, Әулиеата уезінен, Сырдария және Орталық Қазақстаннан кездестіреміз. Батыс Қазақстанның өңіріндегі қартаң әйелдер жаулығының пошымы да тура осындай болған. Маңғыстау және Торғай облысының батыс өңірінде тағы бір өзі астыңғы, үстіңгі әйелдер баскиімін алмастыратын пошым болған. Мата тура солай бір бүктеліп, оның бір ұшымен басты жоғары, төмен және керісінше орап, екінші ұшымен жоғары жақтан көлденең қатармен таңып отырған. Оны тек жасы ұлғайған әйелдер киген.

Қазақстанның шығыс өңірінде кимешек қысқа болып, алдыңғы бұрышы қиылған төрткүл келеді. Бұл кимешектер құрама матадан жасалып, құлақ жағына шаршы қиықтар тігіледі.

Жетісу келіншектерінің кимешектерінің үлгілері де аса мол, байлау үлгілері де ерекше көз тартады. Бұл өңір кимешектері әшекейсіз болмайды. Жақтағы жалпақ кестелерге қосымша күміс, электра (алтын мен күміс құймасы), лағыл, ақық, шырымтал (слюда), меруерт секілді металл және қымбат бағалы тастар қолданылған [6, 93-98 бб.].



Сурет 5 - а) Жетісу өңірі кимешегі. ОМЭЭ материалдарынан; ә) Жетісу өңірі кимешегінен фрагмент. ҚРМОНМ қорынан (25448/54)

Кимешекті қолданатын қырғыз халқында күндігі үлкен, биік келеді, ал түрікмен халқы басқа оралған ішкі жаулықтың сыртынан үлкен жаулықты бос тастайды [13, с.101].

**Жас ерекшелік айырмашылығы.** Кимешекті 25-45 жас аралығынан бастап киген, сондықтан оны жас ерекшелігіне сәйкес әшекейлейді [12, с.115; 14, с.635]. Күміспен, тана моншақтармен шеттіктелген ең сәнділері жас келіншектерде болған. Жас әйелдердікі қызыл, жасылмен әшекейленеді, бет жақтауы кеңдеу болады. Екі жақтаудың сәніне көп көңіл бөлінсе, «құйрық» шеттеріне шашақ бекітіп тіккен, төбесіне «төбелдірік» деп аталатын арнайы дайындалған жеке әшекей таққан. Кең тараған әшекей түрі кестелеп тігу, оған қосымша моншақ, маржан, күміс әшекей тағылған. Бұларды ХХ ғ.-дан бастап күміс теңгелер мен «сөлкебайлар» толықтырған [7, 1-20, 27 бб.]. Кимешектің жібек матадан пішіліп, шашақты зермен жиектелген, жібек кестемен өрнектелген сәнді үлгісі 1866-1867 жылдары Париждегі дүниежүзілік көрмеге шығарылған [12, с.116].

Балалары ержеткен, орта жастағы әйелдер түрлі-түсті жіптерден жұқалап жүргізілген тігіс пен кестені қанағат тұтқан. Жасы егделенген әйелдердің кимешегінің әшекейі аздау, ою-кестесі жеңіл болады, сары, ақ, қоңыр жіппен сырылады, бет жақтауы тарлау келеді. Кестеге бояуы сұйықтау жіптерді пайдаланады [9; АЭМ].

**Кимешек кигізу салты.** Кимешек киюге келіншек өзі де дайындық жасайды. Енесінің, абысын-ажынының көмегімен кимешек пішіп, әшекей кестелерін өзі тігеді. Өрнегін өз қалауынша таңдайды. Жас келін перзентті болып, ол қырқынан шыққанда енесі: «сен енді санатқа қосылдың, енді ана болдың. Енді осы үйге толық мүшесің» , – деп келінінің маңдайынан сүйіп, батасын білдіреді. Кимешекті кигізген адам келіннің енесінен сый алады. Арттағы әке-шешелері бұл басқимді қыздары тез балалы болсын деп сандыққа әдейі ырыммен салады. Бұл киімнің киелі болуы да осы ырымнан. Кимешек те, жаулық та ана болған әйелдің белгісі екендігін көрсетеді. Кимешектің ана мен баланың тазалығы үшін маңызы зор, көшпенділік өмірге өте бейім. Әйел денесінің жылы, кіршіксіз ұсталуы үшін де пайдасы көп.

Еуразия кеңістігінде көптеген елдерде, оның ішінде қазақ халқында, өте көнеден қалыптасқан дәстүр бойынша әйел адам шашын жауып жүретін болған. Бұл әрі жинақылықты, әрі тазалықты білдіреді. Жас келіннің орамал салып жүруінің тағы бір себебі – бір отаудың иесі екенін де аңғартатын нышаны. Кимешек бала емізгенде әйелдің кеудесін көлегейлеп, жат көзден қалқалауға мүмкіндік береді. Бұл келіншектің әдеп пен иба сақтаудағы беделін көтереді. Кимешек шаңтозаңнан қорғайды, желге қақтырмайды, күн өткізбейді. Екіқабат кезінде кимешек-шұлауышты енесі өз қолымен кигізеді. Қазақстанның солтүстік жағында мұны «жаулық салды» деп те айтады. Кимешек пен жаулық та ана болған әйелдің белгісі екендігін көрсетеді.

Дәстүрлі ортада апа-әжелер кимешекті ерекше қастерлеп, таза киюге тырысқан. Кір, лас киім киген адамның басынан бағы, берекесі қашады, өзін марту басады деп білген. Көп жасаған қарт ана кимешегін өзінің жанына жақын келініне көзімдей көр деп мұра ретінде қалдырған. Кейде

кимешекті әдейілеп сұрап алатындар да болған. *Күйеуі өлген әйелдің кимешегін теріс кигізіп, асын бергеннен кейін ғана оң кигізетін* салт бар. Мұндай әйелдер күйеуге тиетін болса, онда кимешегі кестеленеді [9; АЭМ].

**Кимешектің музейлік сипаттамасы.** ҚР MOM қорындағы (КПД 271) кимешектің алдыңғы жағы үш, артқы жағы бес бөліктен тұратын мақта матадан тігілген. Бас, иық, желке тұстарына астар салынған, ал құйрық бөлігі доғалданып және бір қабат матадан тігілген. Төбе бөлігі бөлек пішіліп, бүрмеленіп салынған. Кимешектің бет ойығы зооморфтық өрнектер негізінде зер жіппен жиектелген. Өңіріне де үшбұрыш пішінінде зооморфтық өрнек зер жіппен кестеленген. Етегі айнала бүгіліп, сырылып тігілген.



Сурет 6 - а) Кимешек. ҚР MOM қорынан (КПД 271); ә) Кимешек. ҚР MOM қорынан (КП 18083)

ҚР MOM қорындағы (КП 18083) кимешегі мақта матадан тігілген. Басты жауып тұратын *күләпарасы* мен өңірі тұтас қос қабатталып пішілген, артқы бөлігі жалаң қабат матадан төрт бөлек етіп тігілген. Маңдайы және төбесін ала желке тұсына дейін үшкіл салынған. Кимешектің артқы «*құйрықша*» бөлігі дөңгеленіп, ал бет ойығы үшбұрыш пішінде. Кимешектің шықшыты мен алқым тұсына көгеріс өрнегі зерлі жіппен түсіріліп, оқамен бастырып жиектелген. Етегінің жиегі бүріліп, қызыл жіппен сырылған. Кимешектің осы тектес үлгілері керей, найман руларына тән.

ҚРМOM қорындағы (КП 14220) К.-нің өңірі мен басты жауып тұратын бөлігі екі қабатталып тұтас пішілген, төбесі бөлек пішіліп, қондырылған. К.-тің артқы бөлігі төрт бөлек етіп пішіліп, жалаң қабат матадан тігілген. Бет ойығы трапеция пішінді, жиегіне қызыл зермен көгеріс өрнегі түсірілген, алқым тұсына бүрме салынған. Маңдай, шықшыт бөлігіне ұсақ шытыралар қондырған. Өңіржиегі қосарланған кереге тігіс пен сағатбау түрінде сырыла жиектелген. Барлық тігістер қызыл жіппен түсірілген [4; 6, 93-98 бб.]



Сурет 7 - а) Кимешек. ҚР MOM қорынан (КП 14220); ә) Кимешек. ҚР MOM қорынан (25448/54)



ҚР МОМ қорындағы (КП 25448/54) Кимешегінің алдыңғы өңірі мен күләпарасы тұтас екіқабатталып, ал артқы бөлігі жалаң қабатталып, мақта матадан пішілген. Төбесі бүрмелі, оның үстіне жеке пішіліп алынған *төбелдірік* қондырылған. Ұсақ шытыралармен, маржан моншақтармен безендіріліп әсемделген. Бет ойығы трапеция тәрізді пішіліп, жан-жағы түрлі жіптермен көгеріс өрнегі кестеленіп, шытыралар қондырылып, кереге тігіс жүргізілген. Өңіріне су өрнегі, кереге мен сағатбау тігістері сырылған. Барлық тігістері қызыл жіппен сырылған. Кимешектің өңірі 90x75x7x75 см, төбесі 7 см; арқа жағының ұз. 147 см; бет ойығы 6x16x17x16 см. [4; 6, 93-98 бб.]

**Қорытынды.** Кимешек – дәстүрлі ортадағы келіншектің балалы болған күннен бастап киетін, көне замандардан қалыптасқан, сакральдық мағынаға толы, аймақтық ерекшеліктері бар қазақ әйелдерінің ақ матадан тігілетін, пішілетін бас киімі. Төбеден иықты қоса белге дейін түгел жауып тұратын тұтастығымен ерекшеленетін бас киім түрі. Кимешектің пішілуі, әшекейленуі, баста киілу, оралуына қарай аймақтық ерекшеліктері ажыратылады. Алайда, кимешек қай өңірде болмасын, әйелдің жас мөлшеріне, әлеуметтік орнына орай тағылған. Кимешек әдетте ақ матадан немесе ақ жібектен молдау пішілген. Тек ақ матадан тігілуіне орай «*ақ кимешек*» теңеуі қалыптасқан. «*Ақ кимешек басымда, адалдықтың белгісі...*», - деген халық сөзі осының айғағы.

Кимешектің басқа бас киімдерден ерекшелігі адамның басымен бірге, иығын, кеудесі мен жаурынын жауып тұрады. Кимешек тек баскиім ғана емес, одан әйел адамның шырайын, жас мөлшерін, тұрмыс-жайын, тіпті жүріс-тұрысына дейін анық ажыратып алуға болады. Мұндай киімді бас киім басқа халықтарда кездесе бермейді. Кимешектің қазақтардан басқа қырғыздарда, қарақалпақтарда және Қытай халық республикасының батысында мекен ететін салорларда кездесетіні климаттық, дәстүрлік ұқсастықпен және халықтардың этномәдени байланыстылығымен түсіндіріледі.

*Мақала "ҚР Мемлекеттік Орталық Музейінің «Қазақтың дәстүрлі қолөнерінің тарихи-этнографиялық деректілігі. Монография-каталог» атты ғылыми-зерттеу жобасы аясында орындалды.*

#### ӘДЕБИЕТ

АЭМ – авторлардың экспедициялық материалдарынан.

[1] Востров В.В. Некоторые вопросы этнографии казахов Кызыл-Ординской области // Материалы и исследования по этнографии казахского народа. Том 18. ТИИАНКазССР. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1963. С. 30-50.

[2] Добросмыслов А.И. Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Типография П.Н.Жарикова, 1895. 360 с.

[3] Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда: XIX – начала XX в. Алма-Ата: Наука, 1964. 177 с.

[4] ҚРМОМ-ның этнографиялық коллекциясы. 1-том. Қазақтың дәстүрлі киім кешегі. Алматы: Өнер, 2009. 343 б.

[5] Қазақтар. Халықтың бет бейнесі. Алматы. 2015. 160 б.

[6] Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. Алматы: РІПК «Слон», 2012. 736 б.

[7] Қазақтың ұлттық киімдері. Алма-Ата: Жалын. 1976. 112 с.

[8] Какабаев Б.С. Выставка традиционных головных уборов из коллекции Центрального Государственного музея РК. World discovery. Алматы, 2003. №2. С.120.

[9] Кәмәлапұлы Б. Қазақтың байырғы киім-кешегіне қатысты салт-дәстүрлері. Алматы: Өнер, 2006.

[10] Лавров М.В. Туркестан. География и история края. 2-е издание. Москва-Петроград: Т-ва В.В.Думнов, Бр. Салаевых, 1916. 203 с.+ илл+карта.

[11] МКЗ. Сыр-Дарьинская область. Перовский уезд. Главное управление землеустройства и земледелия Переселенческого управления. Ташкент: Типо-литография В.М.Ильина, 1912. 190 с + приложение 32 с.+ табл. 127 с. + 45 с. + карта 3 лист. (394 с).

[12] Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. Алма-Ата: Өнер, 1986. 252 с.

[13] Махова Е.И., Русьякина С.П. Программа сбора материала по одежде народов Средней Азии и Казахстана для историко-этнографического атласа. В книге: Материалы к историко-этнографическому атласу Средней Азии и Казахстана. Москва-Ленинград. Издательство АН СССР. 1961.

[14] Народы Восточной Азии. Москва-Ленинград, Наука, 1963.

[15] Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана. Москва, Наука. 1989. 255 с.

[16] Түркістан альбомы. Этнографиялық бөлім. 6-том. Ә.Науай атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры. Түпнұсқа.

#### REFERENCES

[1] Vostrov V.V. Nekotorye voprosy jetnografii kazahov Kzyl-Ordinskoi oblasti. Materialy i issledovaniya po jetnografii kazahskogo naroda. Tom 18. TIANKazSSR. Alma-Ata: Izdatel'stvo AN KazSSR, 1963. S. 30-50. (in russ)

- [2] Dobrosmyslov A.I. Skotovodstvo v Turgajskoj oblasti. Orenburg: Tipografija P.N.Zharikova, **1895**. 360 s. (in russ)
- [3] Zaharova I.V., Hodzhaeva R.D. Kazahskaya nacional'naya odezhda: XIX – nachala XX v. Alma-Ata: Nauka, **1964**. 177 s. (in russ)
- [4] KRMOM-nyn etnografiyalyk kollekciiyasy. 1-tom. Qazaqtyn dastyrli kiim keshegi. Almaty: Oner, **2009**. 343 b. (in kaz)
- [5] Qazaqtar. Halyqtyn bet beinesi. Almaty. **2015**. 160 b. (in kaz)
- [6] Qazaqtyn jetnografiyalyk kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dastyrli zhyesi. Jenciklopediya. 3-tom. Almaty: RPK «Slon», **2012**. 736 b. (in kaz)
- [7] Kakabaev B.S. Vistavka tradicionnyh golovnyh uborov iz kollekcii Central'nogo Gosudarstvennogo muzeja RK. World discovery. Almaty, **2003**. №2. S.120. (in russ)
- [8] Qazaqtyn ulttyq kiimderi. Alma-Ata: Zhalyn. 1976. 112 s. (in kaz)
- [9] Kamalashuly B. Qazaqtyn baiyrgy kiim-kesheginе katysty salt-dastyrleri. Almaty: Oner, **2006**. (in kaz)
- [10] Lavrov M.V. Turkestan. Geografiya i istoriya kraja. 2-e izdanie. M.-Petrograd: T-va V.V.Dumnov, Br. Salaevy, **1916**. 203 s. +karta. (in russ)
- [11] МКЗ. Syr-Dar'inskaya oblast'. Perovskii uezd. Glavnoe upravlenie zemleustroistva i zemledeliya Pereselencheskogo upravlenija. Tashkent: Tipo-litografiya V.M.Ill'ina, **1912**. -190 s + prilozhenie 32 s.+ tabl. 127 s. + 45 s. + karta 3 list. (394 s). (in russ)
- [12] Margulan A.H. Kazahskoe narodnoe prikladnoe iskusstvo. T.1. Alma-Ata: Oner, **1986**. (in russ)
- [13] Mahova E.I., Rusjaikina S.P. Programma sbora materiala po odezhde narodov Srednei Azii i Kazahstana dliya istoriko-etnograficheskogo atlasa. V knige: Materialy k istoriko-jetnograficheskomu atlasu Srednei Azii i Kazahstana. Moskva-Leningrad. Izdate'l'stvo ANSSSR. **1961**. (in russ)
- [14] Narody Vostochnoi Azii. Moskva-Leningrad, Nauka, 1963. (in russ)
- [15] Tradicionnaya odezhda narodov Srednei Azii i Kazahstana. Moskva, Nauka. **1989**. 255 s. (in russ)
- [16] Turkistan al'bomy. Jetnografiyalyk bolim. 6-tom. A.Nauai atyndagy Ozbekstan Ul'ttyk kitaphanasynyn sirek kezdesetin kitaptar men kolzhazbalar qory. Tupnyska. (in russ)

**Р.Шойбеков<sup>1</sup>, Т. Картаева**

Центральный Государственный Музей РК;  
КазНУ им. аль-Фараби. Казахстан, г.Алматы

#### **АТРИБУЦИЯ КИМЕШЕКА**

**Аннотация.** Кимешек – казахский женский головной убор, сформированный в кочевой среде, которые отвечают экологическим требованиям. Формированию кимешека влияло, в первую очередь условия окружающей среды, а во-вторых, традиции кочевого общества, которые связаны морально-этическими нормами касающихся женщин. Кимешек является уникальным типом головного убора, защищающиеся от воздействия жаркого лето, от холода суровой зимы, от пыли вызванной сильным ветром. Особенности и уникальности кимешека, заключается в том, что оно закрывает поверхность человеческого тела, от туловища до головы, при этом форма лица остается открытой. В статье рассматривается покрой, шитье, региональные особенности и значение потребности по возрастным категориям. Источниками данной проблемы служат материалы из фондов музея и данные из исторических фотодокументов.

**Ключевые слова.** Казахская женщина, головной убор, кимешек, ткань, тесма, украшение.